

**Алматы облысының Шарын өзеніндегі Бестөбе су қоймасында салынып жатқан  
Мойнақ су электр станциясының бастапқы кезең түріндегі мүлкін жекешелендіру  
туралы**

Қазақстан Республикасының Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 29 желтоқсан N 1757

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 9 сәуірдегі N 384 P990384\_ қаулысымен бекітілген Электр энергетикасын дамытудың 2030 жылға дейінгі бағдарламасына сәйкес, электр энергиясына сұраныстың қанағаттандырылмаған бөлігін қамтамасыз ету және Алматы облысы мен Алматы қаласының аймағында ең жоғары деңгейдегі жүктеменің орнын толтыруға қатысу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігімен бірлесіп, инвестициялық тендерде Алматы облысының Шарын өзеніндегі Бестөбе су қоймасында салынып жатқан Мойнақ су электр станциясының бастапқы кезең түріндегі мүлкін (бұдан әрі - Объект) негізгі тендерлік ш а р т т а р ы р е т і н д е :

Объект құрылысын аяқтау үшін қажетті инвестицияларды енгізе отырып, оның құрылысын бес жыл ішінде аяқтауды;

бір жарым жыл ішінде Шарын өзеніндегі Бестөбе су қоймасының аяқталмаған құрылысы аймағындағы бөгенді нығайту жөнінде селге қарсы іс-шаралар жүргізуді;

"Алматыэнерго" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының "Алматыгидрожоба" жобалау институты алдындағы Мойнақ су электр станциясының техникалық-экономикалық негіздемесін жобаға дейін пысықтау жөніндегі орындалған жобалау-іздістіру жұмыстары үшін кредиторлық берешегін бір жыл ішінде өтеуді көздей отырып, сатуды жүзеге асырсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы

Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрі В.С.Школьникке жүктелсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Мамандар:

Багарова Ж.А.,

Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК